**Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы - 5 мемлекеттің 1998 жылғы шілдедегі Алматы кездесуінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 8 желтоқсан N 1260

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы - 5 мемлекеттің Алматы кездесуінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру, өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы - 5 мемлекеттің 1998 жылғы 3 шілдедегі Алматы кездесуінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, ведомстволары Жоспарда көзделген тапсырмаларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі кемінде жарты жылда бір рет Қазақстан Республикасының Үкіметіне осы қаулының орындалу барысы туралы хабарлап отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1998 жылғы 8 желтоқсандағы
N 1260 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы - 5 мемлекеттің 1998 жылғы шілдедегі Алматы кездесуінің қорытындысы бойынша қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру жөніндегі шаралар

Жоспары

| Рет N | Іс-шара | Орындалу нысаны | Орындалу мерзімі | Орындалуына жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | 5-мемлекеттің Алматы кездесуіне қатысушылардың Бірлескен Мәлімде.месін ресми құжат ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымына тарату үшін жіберу | Бірлескен Мәлім-демені жолдау Президентке ақпарат беру | 1998 жылдың қара-ша айының аяғына дейін | Сыртқы істер министрлігі |
| 2 | Қазақстан Республикасының шетелдердегі бар.лық мекемелерінде 5 мемлекеттің кездесуі қорытындыларын түсіндіру жөнінде шет елдер.дің бұқаралық ақпарат.құралдарының өкілдері.мен баспасөз конферен.цияларын өткізу | Баспасөз конфе-ренциясын өткізу Президент Әкімшілігіне жиынтық ақпарат беру | 1998 жылдың жел-тоқсаны | Бұл да |
| 3 | Әскери салада сенімді нығайту және шекара аумағында қарулы күштер.ді қысқарту туралы Шанхай (1996 жылғы) және Мәскеу (1997 жылғы) келісімдерінің ережелерін орындауды бақылау жөніндегі тетіктерді әзірлеу бойынша жұмысты жалғастыру. | Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесіне ақпарат беру | жарты жылда 1 рет | Қорғаныс министрлігі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | Ұйымдасқан қылмысқа,<br>халықаралық терроризм.<br>ге, есірткінің заңсыз<br>айналымына қарсы күрес<br>және тағы басқалар жө.<br>ніндегі накты істерді<br>әзірлеу және жүзеге<br>асыру үшін таяу арада<br>5-мемлекеттің тиісті<br>ведомстволары басшыла.<br>рының мәжілісін өткізу<br>туралы Ресей делегация<br>сының ұсынысын пысықтау | Мәжілістің<br>Бірлескен<br>хаттамасы | Ресей тарапынан<br>нота-шақырудың<br>келіп түсуіне<br>қарай | Сыртқы<br>істер<br>министрлігі<br>(үйлесті-<br>ру), Ұлттық<br>қауіпсіздік<br>комитеті<br>(келісім<br>бойынша),<br>Ішкі істер<br>министрлі-<br>гі, Қаржы<br>министрлі-<br>гі, Мемле-<br>кеттік<br>кіріс ми-<br>нистрлігі-<br>нің Салық<br>полициясы<br>комитеті<br>және Мемле-<br>кеттік<br>кіріс<br>министрлі-<br>гінің Кеден<br>комитеті |
| 5 | Алматы кездесуіне қаты<br>сушы 5 елдің экономика<br>лық ынтымақтастығы жөн<br>індегі накты ұсыныстар<br>пакетін әзірлеу және<br>оны Үкіметке бекітуге<br>ұсыну | Ұсыныстар пакеті | 1998 жылдың жел-<br>тоқсаны | Энергетика,<br>индустрия<br>және сауда<br>министрлігі<br>(үйлесті-<br>ру), Көлік<br>коммуникаци<br>ялар<br>министрлі-<br>гі, Қаржы<br>министрлі-<br>гі, Ауыл |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | шаруашыл-ғы министрлігі, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы (келісім бойынша), "ҚазТрансОйл" жабық акционерлік қоғамы /келісім бойынша/, Сыртқы істер министрлігі |
| 6 | 1999 жылы Бішкек қаласында бестіктің төртінші кездесуіне нақты ұсыныстарды әзірлеу | Келісілген ұсыныстар | Қырғыз Тарапынан тиісті нота келіп түскеннен кейін екі апта мерзім ішінде | Сыртқы істер министрлігі |

Оқығандар:
Орынбекова Д.К.
Кобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК